

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да заңды тұлғалардың және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің, жеке кәсіпкерлердің, шаруа (фермер) қожалықтарының, жеке сот орындаушыларының жекеше нотариустарының, адвокаттар мен кәсіби медиаторлардың банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына  
4-3-қосымша

## **eGov.kz электрондық үкімет сайты арқылы ағымдағы шотты қашықтықтан ашу және клиентті тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесі**

**Шот ашқанға дейін клиенттің толтыруы/ресімдеуі үшін құжаттардың бланкілері:**

- Ағымдағы шотты ашу туралы қосылу шартына қосылу туралы өтініш (Банк нысаны бойынша)

**Банк кеңсесіне бірінші рет жүгінген кезде шот ашқаннан кейін банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар:**

- FATCA бойынша сұрақнама (Банк нысаны бойынша);
- Клиент (филиал немесе өкілдік) басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі);
- Құрылтай құжаттарының көшірмелері және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірмелер;
- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі. Егер клиенттің нақты мекенжайы тіркеу орнынан өзгеше болса, орналасқан жерін куәландыратын құжат;
- Есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама (заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін);
- Тұлғалардың құжаттарға қол қою құқығына, шот бойынша ақшамен операциялар жүргізуге өкілеттігін растайтын құжат (тағайындау туралы бұйрықтар, хаттамалардың көшірмелері, заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімдері, қажет болған жағдайда қол қою құқығына сенімхаттар);
- Жоғары органның құрамына кіретін жеке тұлғалардың, бенефициарлық меншік иесінің (иелерінің) жарғылық капиталға қатысудың 25%-дан астамы тікелей немесе жанама тиесілі жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмелері;
- Егер құрылтайшы бейрезидент-заңды тұлға болып табылған жағдайда, сауда тізілімінен үзінді көшірмені не бейрезидент-заңды тұлғаны тіркеген орган, белгіленген тәртіппен тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын ұқсас сипаттағы басқа құжатты ұсынады.  
Егер жүзеге асырылатын қызмет лицензияланатын қызмет болып табылса, лицензиялар, рұқсаттар беру қажет.

**Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары және олардың филиалдары мен өкілдіктері, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғалары үшін қосымша:**

- қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін – қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған)

қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттігін растайтын құжаттар;

- басқа ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхатының көшірмесі;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның рұқсаты;

### **Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғалары үшін**

#### **қосымша:**

- сауда тізілімінен үзіндінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі не бейрезидент-заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын, қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар және қажет болған жағдайда заңдастырылған не апостильденген ұқсас сипаттағы басқа құжат;

### **Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер үшін**

#### **қосымша:**

- дипломатиялық және консулдық өкілдіктің тіркелгенін растау туралы нотаның көшірмесі.